

6D012300 – «Әлеуметтік педагогика жән өзін-өзі тану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің диссертациялық кеңесінде қорғауға ұсынылған Маманова Алма Шарипуллинаның «Болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

## ШКІР

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылыми техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Маманова Алма Шарипуллинаның «Болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптасыру» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы қазіргі практика мен ғылым дамуының талабына сай келеді.

Елімізде қалыптасқан еңбек нарығы шығармашылық деңгейі жоғары, білімді, іс-әрекеттің сан түрлі саласында өз білімі мен іскерлігін қолдана алуға қабілетті әлеуметтік педагогтің кәсіби дайындығының сапасы мен деңгейіне қойылатын талаптарға ықпалын тигізуде. Осы орайда, жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, шебер, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, ғылыми ізденістерді осы бағытқа қарай бұруы заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына деген талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби құзыретті мамандарды қажет етеді.

XXI ғасырдағы әлеуметтік құндылықтар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында болып жатқан қайта құрылымдармен ерекшеленеді. Бүкіл қазақ халқына, әсіресе жас ұрпаққа әлеуметтік тәлім-тәрбие беру – ел болашағының негізі екенін және осы тұрғыда ұстаздың кәсіби даярлығының ролі ерекше орын алатындығын ескерсек, болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Бұл ретте Алма Шарипуллинаның зерттеу жұмысы бүгінгі қоғам сұраныстарынан туындаған, білім беруді тұлғаға бағдарлау жағдайындағы ең бір көкейтесті мәселеге арналған деп сеніммен айта аламыз.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасының білімді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» т.б. құжаттардың талаптарына сәйкестілігімен айқындалады.

**2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Зерттеу еңбегінде тақырыпты айқындау мақсатына жету барысында бірқатар ғылыми нәтижелерді атап өтуге болады:

бірінші ғылыми нәтиже—болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастырудағы әдіснамалық тұрғылардың нақтыланып алынуына және оларға бағдарлануға байланысты зерттеліп, негізделеді. Болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігінің қалыптасуы оның кәсіби педагогикалық іс-әрекеті мен кәсіби педагогикалық қарым-қатынасының мазмұнына және бағыттылығына байланысты өзара тәуелділікте, шарттастықта анықталады;

екінші ғылыми нәтиже - болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық алғышарттары анықталған;

үшінші ғылыми нәтиже - болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің теориялық моделі жасалып, оның құрамындағы өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған;

төртінші ғылыми нәтиже - болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен амалдары анықталып, тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, дәйектелген.

### **3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

А.Ш. Маманованың диссертациялық жұмысында алынған әрбір нәтижесі, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі зерттеу мәселесін шешу жолдарының теориялық негізділігімен, ғылыми аппараттың логикалық бірізділігімен, зерттеу міндеттері бойынша ғылыми-психологиялық, педагогикалық зерттеу әдістерін оңтайлы пайдалануымен, зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдаумен көрсетілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетелдік рейтингті журналдарда, Білім және ғылым саласындағы Бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда жариялануы, шетелдік және отандық конференцияларда баяндалуы, талқылануы да зерттеу нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесін көрсетеді.

### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің (қағидасының) тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

Бірінші нәтиже жаңа. Себебі, ғылым мен отандық білім беруге сәйкес жоғары оқу орындарында болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыруды әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан зерттеу үшін педагогикалық-психологиялық негіздері нақтыланған. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыруда шарттасатын және әсер ететін кәсіби педагогикалық іс-әрекет пен кәсіби педагогикалық қарым-қатынас құрылымдары мен мазмұны талданып, дәйектелген.

Екінші нәтиже жаңа. Себебі, болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-теориялық алғышарттары белгіленіп, заман талабына және елімізде ғаламдық өзгерістерге сәйкес құндылықтардың ауысуына байланысты қоғамның жалпы педагогқа деген талабының өсуінен әлеуметтік педагогтің тұлғалық ерекшелігін сипаттайтын деонтологиялық құзыреттілік ұғымы анықталған.

Үшінші нәтиже жаңа. Себебі, теориялық материалдарды және эмпирикалық жайттарды жинақтап, талдау арқылы болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің теориялық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтаған.

Төртінші нәтиже жаңа. Себебі, теориялық және эксперименттік зерттеу арқылы шетелдік және отандық тәжірибе негізінде болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, тиімділігі тәжірибелік - эксперимент жүзінде тексерілген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертанттың зерттеуінде алынған нәтижелер бір-бірімен байланысты, ішкі бірлігі айқын. Диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелер тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тағылымдық, тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолдануымен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен анықталған. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды және олардың ішкі бірлігі жоғары деп бағалауға болады.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер педагогика мен әлеуметтік педагогиканың мәселелері мен оқыту әдістемесі үшін теориялық және практикалық жағынан маңызды. Жұмыста бірінші рет болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігі қарастырылып, сипатталған. Әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру оның дайындық сапасы (адамгершілік, кәсібилік, ғылыми негізділігі, өзін-өзі сынап білуі, оқушылардың, ата-аналардың құқықтарын, еркіндіктері мен қадір-қасиетін құрметтеу) мен кәсіби іс-әрекет жағдайындағы қарым-қатынасқа негізделіп, оның тұтас мотивациялық-мақсаттық, когнитивтік, іс-әрекеттік компоненттерін құрайды. Сонымен бірге әлеуметтік педагогтің деонтологиялық дайындығына адамгершілік-тәжірибелік бағдар бола отырып, оның тұлғалық, әлеуметтік, деонтологиялық құзыреттілігінің дамуына, қалыптасу жолына негіз бола алады.

Маманова Алма Шарипуллинаның диссертациясының ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, логикалық жүйелікпен сипатталған. Сондай-ақ зерттеу жұмысының бөлімдері дәйекті түрде бір-бірімен ұштасып,

қойылған зерттеудің мақсатымен міндеттерін айқындай түседі. Диссертациялық зерттеу жұмысының бөлімдері өзара тығыз байланысты бірыңғай жүйемен құрастырылып жазылған. Әр бөлімінің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте сипатталып нақты тұжырымдармен баяндалған. Сонымен қатар, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге ала отырып статистикалық көрсеткіштермен тексерілген.

#### **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.**

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдамалары мен нәтижелері диссертантың 12 еңбегінде көрініс алып жарық көрген. Олар: Скопус компаниясының деректер базасына кіретін ғылыми журналдарда, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің білім және ғылым саласының бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, отандық және шет елдік халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында, ғылыми журналдарда жарияланған.

#### **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер.**

Диссертациялық жұмыста төмендегідей кемшіліктер кездеседі.

- Диссертацияда деонтологиялық құзыреттілікті қалыптастыру барысында болашақ әлеуметтік педагогтың тұлғалық психологиялық ерекшеліктерін толығырақ қамтығаны дұрыс болар еді.
- Зерттеу жұмысында кредиттік оқыту жүйесінің ерекшеліктерін ескергенде жұмыстың әдістемелік құндылығы артар еді.


#### **9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Жоғарыда көрсетілген ескертпелер зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылыми-теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді. Автор алдына қойған міндеттердің шешімін толық таба білген.

Диссертант Маманова Алма Шарипуллинаның «Болашақ әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптасыру» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторы 6D012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесіне лайық деп санаймын.

#### **Ресми рецензент**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры,  
Психология ғылымдарының докторы



Сангилбаев О.С.